



Қор Туралы

Тұрақты даму және
esg саласындағы
стратегиялық тәсіл

Қордың елдің әл-ауқатына
қосқан үлесі

Біз қалай жұмыс
істейміз

Біздің адамдар

Таза қоршаған ортаға
инвестиция саламыз

Корпоративтік
басқару

Қосымшалар

GRI 2-14 Қордың Директорлар кеңесі экологиялық және әлеуметтік аспектілерді қамтитын ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарларды қарайды және бекітеді, сондай-ақ Қордың тұрақты дамуы жөніндегі есептерді қарайды және бекітеді.

GRI 2-12 Директорлар кеңесі барлық мүдделі тұлғалармен, соның ішінде Жалғыз акционермен және басқармамен тікелей не Қорда қабылданған ресми коммуникациялар арналары арқылы өзара іс-қимыл жасайды. Даму жоспарын (стратегиясын) орындауға байланысты мәселелерді, оның ішінде тұрақты даму аспектілерін Директорлар кеңесі жылына бір рет қарайды.

GRI 2-12 **GRI 2-13** Басқарма Қордың операциялық қызметіне басшылықты жүзеге асырады, экономикалық мәселелерді, сондай-ақ тұрақты даму мәселелерін шешеді, стратегияны іске асыруға жауапты болады. Басқарма тоқсан сайын Директорлар кеңесіне Қор қызметінің нәтижелері туралы есеп береді. Тұрақты даму саласындағы жұмысқа тартылған бейінді бөлімшелер басқарма алдында есеп береді.

Қордағы тұрақты даму мәселелерін басқару Стратегия мен активтерді басқару жөніндегі Басқарушы директордың өкілеттік саласына жатады. Уәкілетті тұлға тұрақты даму саласындағы саясаттарды/стандарттарды әзірлеуді, жетілдіруді және енгізуді, сондай-ақ тұрақты даму және ұзақ мерзімді пайдаға қол жеткізу жөніндегі жұмыстардың орындалуын бақылауды және мониторингті қамтамасыз етеді.

2024 жылға арналған Корпоративтік басқару, әлеуметтік-еңбек қатынастары және еңбекті қорғау жөніндегі басқарушы директордың функционалдық тиімділігіне әлеуметтік тұрақтылықты жақсарту, өндірістік жарақаттану деңгейін төмендету (LTIFR), өндірістік қауіпсіздік саласындағы стратегияны әзірлеу, «Самұрық-Қазына» АҚ тобының Директорлар кеңестері мен компаниялардың бақылау кеңестері құрамындағы әйелдердің үлесін арттыру сияқты көрсеткіштер енгізілді.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ РЕЙТИНГТЕР

Біз тұрақты даму саласында үздік халықаралық стандарттар мен тәжірибелерді енгізуге ұмтыламыз. Осындай тәжірибелердің бірі тәуелсіз халықаралық рейтингтік агенттіктер жүргізетін ESG-критерийлері бойынша портфельдік компанияларды бағалау болды. Бұл ESG-аспектілерін басқарудағы прогресті өлшеудің және растаудың тәуелсіз құралы.

Біздің стратегиялық мақсатымыз - 2032 жылға қарай «ESG-рейтинг» көрсеткіштері бойынша 70% перцентильге кіру (аралық мақсаттармен: 2025 жылға қарай 40%-ға және 2028 жылға қарай 60% перцентильге кіру). Портфельдік компаниялар ESG халықаралық рейтингтерінде қазақстандық компаниялар арасында да, әлемдік аренада да өз салаларында негізінен оң нәтижелер көрсетеді.

⁵⁰ Sustainalytics ESG тәуекел рейтингі компанияның салалық маңызды ESG тәуекелдеріне ұшырауын және компанияның осы тәуекелдерді қаншалықты басқаратынын өлшейді. Рейтинг абсолютті, яғни әртүрлі салалардағы компанияларды бір-бірімен салыстыруға болады.

⁵¹ S&P Global ESG Evaluation компанияның ESG факторларына байланысты болашақ тәуекелдер мен мүмкіндіктерді басқару қабілетін бағалайды. Әдістеме саладағы талдаушылардың тәжірибесіне негізделген және өткен, қазіргі және болашақтағы компанияға ESG айтарлықтай әсерін бағалау үшін компания басшылығымен терең өзара әрекеттесуге негізделген.

⁵² MSCI рейтингі компанияның ұзақ мерзімді салалық материалдық ESG тәуекелдеріне төзімділігін өлшеуге арналған.

⁵³ Sustainable Fitch шкаласы «1»-ден «5»-ке дейінгі диапазонды пайдаланады, мұнда «1» ең жақсы көрсеткішті, ал «5» ең нашар көрсеткішті білдіреді.

Портфельдік компаниялар 2024 жылы ESG рейтингтерінде келесі нәтижелерді көрсетті:
(в т.ч. Sustainalytics⁵⁰, S&P Global⁵¹ «S&P Global ESG Score 2024», MSCI⁵², Sustainable Fitch⁵³):



32,8 балл



60/100



55/100

S&P Global
Ratings



50/100



50/100

MSCI



AA



BBB



жалпы баллмен

52

2024 жылғы ESG рейтингтерінің нәтижелері ESG-қағидаларын стратегия мен бизнес-процестерге бірігуін көрсетеді.